

Аса ауылының кейбір құрамдас бөліктеріне атаулар беру туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Аса ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 29 қазандағы № 197 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысының ономастика комиссиясының 2025 жылғы 22 қыркүйектегі қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Аса ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл ауданы Аса ауылдық округі Аса ауылындағы Жаңа құрылыс 1-көшесіне Әсет Кемпіреков көшесі, Жаңа құрылыс 2-көшесіне Райымбек Тілепов көшесі атаулары берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Аса ауылдық округінің әкімі

Т. Булекбаев